

2. Орынбеков, М. Алтаев Ж. Әл-Фараби философиясы //Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 160 б.
3. Әл-Фараби Философиялық трактаттар. (арабшадан қазақ тіліне аударма) – Жауапты редактор: Есенов Ш.Е. – Алматы: Ғылым баспасы, 1973. – 446 б.
4. Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады / Құрастырушы Ш.Абраман. – Алматы, 2006. -340 б.
5. Ақжан әл-Машани Әл-Фараби көпірі: Мақалалар, «Әл-Фараби романы»: Алматы: Алатау, 2005 – 352 б.
6. «Фарабитану» Қазақ халқының философиялық мұрасы сериясы. /Құраст.: Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ. – Жиырма томдық. – 16 том. – Астана: Аударма, 2006. – 440 б.
7. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. /Құраст.: Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ., Сандыбаев Ж. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 656 б.
8. Смағұлов Н.Б. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби мұраларының адамзат өркениетіне қосқан үлесі. //Жастар әлемі. № 3 (295) – 2020. – 31 наурыз.
9. Смағұлов Н.Б. Әбу Насыр Әл-Фараби және Ақжан Әл-Машани: ұлы тұлғалар құбылысындағы рухани сабақтастық. //Ortalyq Qazaqstan. №113 (22709) – 2019. – 12 қазан. – 4 б.

### **Мәшһүр Жүсіп - фольклорист және тарихшы**

Альмуса А.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Баймағамбетова А.А.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) – ақын, жазушы, философ, ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. 1870 жылдары Бұхара медресесінде оқыған. Кезінде болашағынан мол үміт күтіп, дарындылығын тани білген Мұса Шорманов өзі оған «Мәшһүр» (арабша - әйгілі, даңқты) деген атауды қосақтап берген болатын. 1887-1890 жылдары Орта Азияның, Самарқанд, Ташкент, Бұқара, Түркістан қалаларын аралап, халықтың рухани мұрасы, тұрмыс- тіршілігімен танысады. Мәшһүр Жүсіптің өлеңдерінде халыққа теңдік беру, бұқараның сауатын ашу, сөз бостандығы, еңбек ету береке- бірлік сияқты әлеуметтік мәселелерді көтерді.

Қазақ зиялыларының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевті білмейтіндер жоқ шығар. Әрі ақын, ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті[1,10 б].

Он төрт жасынан бастап төрт жыл бойы Бұхара қаласындағы Көкілташ медресесінде оқыған Мәшһүр Жүсіп Көпеев Орта Азиядағы араб, парсы тілінде жетік білетін білімдарлардың бірі болып шыққан. Осы поэзияның биік парасатын діншілдік сансыздықтан айыра таныды да өзінің барлық өмірін халық зердесін жарық ұстауға арнады.

«Өсекті қожа менен молда айтады,

Басқадан олар тіпті оңды айтады», -

деп күлетіні де сондықтан.

Турашыл болып тура айтқаны , ақты қара, қараны ақ дегені үшін ел билеушілерге жақпаған. Бұл ретте тартқан азабы да аз емес:

«Туысқа тура жолды айтамын деп,

Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай,-

деп ол бекер шағынбаған.

Ақмола, Ұзақ ақын Мәшһүр –Жүсіп

Заманғы жазушы еді үлгі пішіп,

Солардың ағып жатқан теңізінен

Біз пақыр сөйлеп жүрміз қанып ішіп

деп ақын жырлағандай, тарих бетін парақтап, шежірелерімен сыр шертіп, өткен бабалар туралы тың деректермен шәлімізді қандырып сусындау, асыл қазынаны зерттеу, сақтау кейінгі ұрпақ міндеті мен парызы.

«Біз қазақ деген халықпыз, қазақтың түп атасы батыр Түрік, Арабсың деген сөздің түбі шірік», деп Шәкәрім қажы айтса, Мәшһүр-Жүсіп бабамыз:

Арғыннан ары барсаң адасасың,

Ми жетпес көп дүниеге шатасасың,

Ол кезде сен де жоқсың, мен де жоқпын,

Несіне шежіреге таласасың,-деген дананың сөзіндегі Арғын- тек орта жүз ішіндегі емес, бүкіл үш жүздің ішіндегі ең ірі тайпа екені белгілі[2. 42]. Бұл дерекке:

Қазақта Арғын аға болған зерек,

Басқадан ол кісінің жөні бөлек.

Біздердің түр атамыз ақын Қотан,

Өзгеден өлеңге ұста болса керек,-

деген Көтеш ақынның жыр жолдары дәлел.

Атақты Мәшһүр Жүсіптің поэзиясындағы алатын орны бір төбе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерттеуге қосқан үлесі екінші билігі. Оның қазақ этнографиясын, әдет- ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан- теңіз.

Қазақ халқының рухани бастау көзі - бай фольклоры екені белгілі. Қазақ фольклорын жинауды да, зерттеуді де кенжелеп қолға алынғандықтан, бұл салада тындырғанымыздан да қолға алынғанымыз анағұрлым басым күйінде қалып отыр. Соның бір-көрінісі- қазақ фольклорын ең көп жинағынын көлемі-15-20 томдайы ғана жарық көруі. Қазақ фольклоры томаға тұйық, оқшау дамыған сала емес, әлемдік мәдениет қазынасының бір бұтағы екенін сараптасақ, бұл арнадағы «ақтандықтардың» әлемдік рухани дамуға үлкен кесел келтіре алатын межелеу қиынға түспейді. Сонымен бірге фольклорлық қазынаның жете игерілмеуі жалпы қазақ мәдениеті тарихын, қазба мәдениетінің қайнар көздерін, қазақ тілі, педагогикасы, философиясы т.б тарихын жан- жақты зерделеп, зерттеу ісін қиындатып келгені рас. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің фольклористика саласындағы еңбектерінің арнайы қарастырылмай келгеніне көңіл бөлгізу үстінде, бұл тәрізді іргелі міндетті шешудің кіріспесі, баспалдақтары саналарлық әр кезде әр қилы айтылған пікірлер тарихына қысқаша шолу жасағымыз келеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз жинақтарының аз бөлігін алғашқы қазақ газеті «Дала уалаяты» газеті бетінде жарияланғаны белгілі. Соның нәтижесінде ақынның тірі күнінің өзінде-ақ жинаушылық, жариялаушылық, зерттеушілік, т.б еңбектерін алғаш бағалаған мақалалар да осы аты аталған басылымдарда жарық көреді. Мәселен, соның бірі - 1890 жылы жарық көрген Толыбайұлы Мұхамедғали есімімен берілсе, екіншісі - 1892 жылы шыққан Мәтен Ботбаевтың өлең түріндегі еңбегін атауға болады[3].

Ал, 1919 жылы Омбыда шығатын «Трудовая Сибирь» журналында Смағұл Сәдуақасовтың «Киргизская литература » атты мақаласы шыққаны белгілі. Міне, Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын бағалаған алғаш деректер оның көзі тірісінде басылғандықтан бұл Мәшһүртанудың бірінші кезеңін қамтыса, ал екінші кезең, ақын қайтыс болғаннан кейін 1931 жылы басталады.

Алғашқылардың бірі болып, 1970 жылдардың өзінде-ақ Мәшһүр Жүсіптің еңбектерін жинақтай бастаған, баспадан жеке кітап етіп шығаруды ойластырған, тіпті бұл мәселені Қазақстан үкіметі басшыларын дейін көтерген ғалым М.Бөжеев болды. Бірақ іс аяқсыз қалды: «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен қалған мұра ішінде: әлеуметтік мәселесіне арналған неше алуан шығармалар, ұзақ оқиғалар, хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар, фольклор үлгілері бар. Бұларға қоса ақынның араб, парсы, шағатай тіліндегі көшірмелерін есепке алсақ одан қалған мұра – отыз томдай болады екен.Мәшһүр шығармалары оның өз қолымен жиені, әрі шәкірті Жолмұрат қолымен, араб әрпімен жазылған, қалғандары кей қолданылған араб алфавитімен жазылған, - деп отырып, Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің қазақ фольклоры нұсқаларын жинау ісімен көп шұғылданғаны мәлім. Олардың ішінен

«Желкілдек», «Ер көкше», «Көрұғлы», «Алтын бас, күміс аяқ», «Сайын батыр» сияқты нұсқалармен қатар Бұқар Жырау, Сақау, Шөже, Шортанбай т.б. көптеген ақын сөздерінде кездестіреміз. Мәшһүрдің ескі сөздерінің қалпын бұзбай дұрыс жазып алуды борыш санағандығын сондай жыр нұсқалары табиғи көне түрін мол сақтағандығымен көзге түседі», - делінген.

Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинаудағы орасан еңбегі деп ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау мен Көтеш, Абай, Ұлбике, Күдері қожа, жанақ ақынның т.б сақталған жыр, толғауларын атар едік[4].

Мәшһүр Жүсіп 1930 жылы көзінің тірісінде өзінің бақилық мекенін салдырады. Екі бөлмелі бейіттің құрылысын өзі қадағалап, өзі өмірден өткен соң мүрдесін арулап төргі бөлмеге қоюын аманаттайды. Қырық жылға дейін денесі бұзылмайтындығын, тек ақ дәкесін ауыстырып отыру керектігін айтады. Кіреберіс бөлмеге құранын, кітаптарын, ыдыс-аяқтар, ер-тоқым, ат әбзелдері т.б. заттарды қойып қоюын тапсырады. Бұлар – ары-бері өткен жолаушылар пайдаланып кәдесіне жаратып отыратын заттар еді. «1931 жылға дейін балталасаң да өлмеймін, одан соң үлде мен бүлдеге орап қойсаң да қалмаймын. Келесі жылында кісі жерлемек түгілі, өздерің қайда қалар заман туады» [5]деген екен. Айтқанындай, 1931 жылы дүниеден өтіп, келесі жылында қасіретті аштық жылдары басталады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. ІІ томдық 1992ж.
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2 т – Алматы: «Ел-шежіре», 2010.
3. «Сарыарқа самалы» №68. 10.12.2008
4. «Сарыарқа самалы» №59.03.04.2010
5. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/21446>

#### **Желтоқсан оқиғасы-Тәуелсіздік бастауы**

Асан И.Б.

Ғылыми жетекшісі: PhD, доцент Ақпанбет Н.Н.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет

Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ еді. Ата-бабамыз бостандықты, егемендікті аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік туын тігуге халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында қол жеткіздік. Бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталатыны рас. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға хан-сұлтандар, батырлар, қарапайым халықтың өзі де жандарын пида еткен. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның да септігі аз болған жоқ – студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын.

1980 жылдары халықтың басым көпшілігінде ұлттық сана-сезімнің даму деңгейі тежелді, ондаған жылдар бойына жинақталған мәселелерді көруге, оның ақ-қарасын ажыратуға, орталықтан басқарылатын әміршіл-әкімшіл жүйе мүмкіндік бермеді. Өйткені оның әрі қарай дамуын көптеген жасанды кедергілер тежеп тұрды. Осы жылдары ұлттық ерекшеліктерден гөрі кеңестік салттар көбірек дәріптеліп, қоғамдық санаға барынша енгізіліп отырды. Кез келген қоғамның табиғи дамуы, оның ерекшелігі КСРО-да тұратын халықтың ұлттық ерекшелігінде екендігі, біздің еліміз тек осындай әр түрлілігімен мықты екендігі ескерусіз қалды. Ұлттық республикаларда өмірге деген көзқарас, оны қабылдау тек еуроцентристік негізде қалыптасты. Сөйтіп, халық арасында ұлты мен тілін, діні мен ділін ұмытуға жағдай жасалды. Адамдар арасында ана тілін, ұлттық әдет-ғұрыптарды білмей-ақ